



Павлодар қаласы әкімдігі, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «№37 сәбилер бақшасы» бойынша Отбасы жағдайында тәрбиеленетін балалар мен ата-аналарға (заңды өкілдер) арналған кеңес беру пунктінің ережесі

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Бұйрықты орындауға құрылған осы ереже отбасы жағдайында тәрбиеленетін балалар мен ата-аналарға (заңды өкілдерінің) арналған кеңес беру пунктінің қызметін реттейді. Отбасы жағдайында тәрбиеленетін балалар мен ата-аналарға (заңды өкілдерінің) арналған кеңес беру пункті (әріректе – Кеңес беру пункті) мектепке дейінгі білім берудегі жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беретін мекемелерде ұйымдастырылады. Кеңес беру пункті мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру мекемелерінің өзіндік құрылымдық бөлімшесі болып саналады. Кеңес беру пункті білім беру мекемелеріне қатыспайтын 1 жастан 7 жасқа дейінгі жаста, балалар мен ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналып құрылады.
- 1.2. Кеңес беру пунктін құру мақсаты – отбасылық және қоғамдық тәрбиенің біртұтастығы мен бірізділігін қамтамасыз етуге, ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологтық-педагогикалық көмек көрсету, білім беру мекемелеріне қатыспайтын балалардың жеке тұлғалығын жан-жақты дамытуға қолдау көрсету.
- 1.3. кеңес беру пунктінің негізгі міндеттері болып:
- білім беру мекемелеріне қатыспайтын 5-6 жастағы балалар мен ата-аналарға (заңды өкілдерге) мектепке түсу кезінде бірдей бастапқы мүмкіндіктерді игеруді қамтамасыз етуге жан-жақты көмек көрсету;
 - мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мен оқыту, тәрбиелеудегі түрлі мәселелер бойынша ата-аналарға (заңды тұлғаларға) кеңес беру көмегін көрсету;
 - білім беру мекемелеріне қатыспайтын мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіруге ықпал ету;

-білім беру мекемелеріне қатыспайтын мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік және психикалық, дене тәрбиесі жағынан түрлі ауытқушылықтарының кешенді профилактикасын жүргізу;

-мектепке дейінгі білім берудегі жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беретін мекемелер арасындағы және басқа да балалар мн ата-аналарға (заңды өкілдерге) әлеуметтік және медициналық көмек көрсететін ұйымдармен өзара әрекет етуін қамтамасыз ету болып саналады.

2. Кеңес беру пунктiнiң қызметiн ұйымдастыру

2.1. Кеңес беру пунктiндегi ата-аналарға (заңды өкiлдерге) психологтық-педагогикалық көмек көрсетудi ұйымдастыру мамандардың: тәрбиешiлер, педагог-психолог, логопед мұғалiм және басқа да мамандардың әрекетiне кiрiктiру негiзiнде құрылады. Ата-аналарға (заңды өкiлдерге) кеңес беру қызметi бiр мезгiлде бiр немесе бiрнеше арнайы мамандармен өте алады. Кеңес беру пунктiне қатысты мамандардың саны оның кадрлық құрамы мектепке дейiнгi бiлiм берудегi жалпы бiлiм беретiн бағдарламаларын iске асыратын мемлекеттiк бiлiм беретiн мекемелерiнiң түрi мен типiна сай анықталады.

2.2. Кеңес беру пунктi кешкi сағаттарда 2-3 рет жұмыс жасайды.

2.3. Кеңес беру пунктiндегi балалар және ата-аналармен (заңды өкiлдер) өткiзiлетiн жұмыстар түрлi формада: топтық, шағын топтық, жеке түрiнде өтедi. Балалармен жүргiзiлетiн жеке жұмыс ата-аналардың (заңды тұлғалар) қатысуымен ұйымдастырылады.

2.4. Кеңес беру пунктi өз әрекетiн мектепке дейiнгi бiлiм берудегi жалпы бiлiм беретiн бағдарламаларын iске асыратын мемлекеттiк бiлiм беретiн мекемелерiмен, медициналық мекемелермен, муниципалитет және басқа да ұйымдармен жүзеге асырады. Кеңес беру пунктiнде ата-аналарға (заңды өкiлдер) арналған лекторийлер, теориялық және практикалық семинарлар ұйымдастырылады.